

Нұр-Сұлтан қаласының № 77 «Қошақан» балабақшасында «Step by step» технологиясы негізінде интеграцияланған экологиялық білім беруді дамыту» республикалық семинары



ҚР БҒМ «Балаларды ерте жастан дамыту институты» семинар жұмысына қатысты. мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың заманауи басымдылықтарына тоқталды.

«Step by step» халықаралық қауымдастықтың мүшесі, директор, п.ғ.к. Б.Ноғайбекова, «Алматыкітап» тренинг орталығының жетекшісі Ж.Нұрмұханбетова, жоба жетекшісі, ЕАГИ доценті, п.ғ.к. А.Бадел, №77 «Қошақан» балабақшасы меңгерушісі Н.Юсупова, әдіскер А.Инкаргалиева «Step by step» технологиясы

арқылы балалардың жеке дамуын қамтамасыз ете отырып, экологиялық мәдениетін қалыптастырудың мазмұны, әдіс-тәсілдерін, жүзеге асу бағыттарын саралап, қатысушылармен өз көзқарастары мен пікірлерімен бөлісті.

№77 «Қошақан» балабақшасының педагогтері мектепалды даярлық тобында «Ата-баба дәстүрі ұрпаққа өнеге» тақырыбында ашық ұйымдастырылған оқу қызметін көрсетті. Сонымен бірге гидропоника зертханасы, тұрмыстық қалдықтармен жабдықталған ойын зертханасы, дамытушы ойындар орталығы зертханаларының жұмысын ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісті.



Балабақша ұжымына алдағы уақытта да шығармашылық шабыт, бүлдіршіндеріміздің үлкен жетістіктерін тілейміз.



